

«Балалар үшін бірігейік» тақырыбында өткізілген ата-аналарды ақпараттандыру  
жиналысының  
**Хаттамасы № 1**

Қызылорда қаласы,  
Т.Ессетов атындағы №264 мектеп-лицея

15.09.2023 ж.

**Қатысқандар:**

Б.С.Тумурзаев – мектеп директоры  
С.Абдигапбаров -директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
С.Юсупова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Р.Абдукаримова- педагог-психолог  
А.Өтеген - педагог – психолог  
5-11 сынып ата-аналары - **588**

**Күн тәртібінде:**

1. Білім беру үйіміндағы психологиялық қызмет
2. Кәмелетке толмаған мектеп жасындағы жасөспірімдер арасындағы суициалды мінез-құлықтың, буллинг, кибербуллингтің алдын алу
3. Ағымдағы мәселелер

**Тындалды:**

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Б. Тумурзаев сөз алғып, жиналыстың мақсатын айтып, жиналыстың өзектілігіне тоқталып өтті. КР Оқу -ағарту министрлігінің 25.08.2022 жылғы «Орта білім беру үйімдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №377 бұйрығын негізге ала отырып мектеп басшысының 2023 жылдың 31 тамыздағы №146 бұйрығы бойынша мектебімізде психологиялық қызмет жұмыс жасайды. Мектеп педагог – психологтары Р.Абдукаримова, А. Өтеген 1-11 сынып оқушыларымен, ата-аналарымен, мектеп мұғалімдерімен жеке және топтық жұмыстар жүргізеді. Яғни, оған психодиагностикалау, түзету-дамыту, тренингтер, психологиялық ағарту және кеңес беру жұмыстары кіреді. Кез –келген уақытта психологтарға балалардың қауіпсіздігі үшін жеке жолығып немесе сыннып жетекшісі арқылы сұраныс беріп жолыгуларының болады.

Екінші мәселе бойынша мектеп педагог –психологі Р.Абдукаримова сөз алды: жыл бойы білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық саулығын қолдау мақсатында түрлі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Биылғы оку жылында психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жасөспірімдердің психологиялық саулығын бағалау бойынша ағымдағы жылдың қазан –қараша және 2024 жылдың наурыз айында оқушыларға кешенді тестілеу жүргізеледі. Қорытындысы бойынша жасөспірімдерді мамандандырылған көмекке дер кезінде бағыттау ықпал етіледі.

Сонымен қатар, психикалық денсаулықты жақсартуға және оқушылардағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға «менің психологиялық

денсаулығым» тақырыбында дәрістер жүргізіледі. Дәріс 7-8 сынып оқушыларына жүргізіледі. Сынып жетекшілері және пән мұғалімдеріне де ақпараттандыру дәрісі болады. Себебі олар балалармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды және оку жылы бойына олармен көп уақыт өткізеді. Олардың рөлі маңызды, себебі олар балалардың мінез-құлқын, іс-әрекеттін, эмоцияларын, қарым-қатынастарын бақылай алады және дер кезінде көмекті, колдауды көрсете алады.

Суициалды мінез-құлқытың, буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында психологиялық қызметтегі жұмыстардың бағыттарына тоқталды.

1. Жасөспірімдерден саулнама жүргізу.
2. Саулнама бойынша сыннып жетекшілерімен, дәрігер мамандармен өзара әрекеттесу, мектептегі барлық оқушыларды өмірлік құндылықтарды үгіттейтін тәрбиелік жұмыстарға катастыру.
3. Алдын алу ретінде сыннып жетекшілерімен бірге әр түрлі тәрбиелік іс-шараларды өткізу.

Осы бағыттар бойынша жыл бойы жұмыстар жүргізіліп, оқушылардың көніл – күйдегі психологиялық өзгерістері үнемі бақыланып, көмек көрсетіліп отыратындығын баса айтты. Яғни балаға, отбасына көмек беру психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын үйлестіру үшін ариайы кейс ашылып, дербес жоспар арналады, – деп өз сөзін аяқтады.

Ата-аналар жиналысының соңында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Абдигапбаров ағымдағы мәселелерге тоқталды. Оқушылардың бейmezгіл уақытта журуі, мектеп формасы, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жүргізіліп, жалпы оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты сөз қозгалды.

#### Қаулы етеді:

1. Білім беру ұйымындағы психологиялық қызмет өз жұмысын 2023 жылдың 31 тамыздағы №146 бұйрығы бойынша жылдық жұмыс жоспарына сәйкес тиімді ұйымдастыру мектеп педагог –психологтарына жүктелсін, қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Абдигапбаров пен С.Юсупова міндеттелсін.
2. Мектеп оқушыларының психикалық денсаулығын нығайту жұмыстары мектеп психологтарына, жүріс-тұрысын, мінез - құлқын қатаң бақылауға алу ата-аналарына және сыннып жетекшілеріне міндеттелсін.

Мектеп директоры:

Б.С.Тумурзаев

Хатшы: 

Г.Жанабаева